«Бекітемін»
Мектеп директоры: А.К.Мешітбай

# Директордың бейіндік оқыту, ғылыми - әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатовтың 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспары

**27 тамыз 2025 жылы мектептің**
**№1 педагогикалық кеңесінде талқыланды.**

Сканировано с CamScanner

## Түсінік хат

1. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 82 б.
2. Кәсіптік бағдар беру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар Астана-2025: Ы.Алтынсарин академиясы,
3. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында 2025 жылды «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» деп жариялап, техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау, жұмысшы мамандықтарды дәріптеу мақсатында кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы аясындағы жұмыстарды ұйымдастыру
4. 2025–2026 оқу жылынан бастап бұл бағдарлама «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы (ҚР Оқу-ағарту министрі бұйрығы 26.05.2025ж. №123) «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу.
5. Кәсіби бағдар беруді ұйымдастыруға арналған ұсынылатын әдіснамалық материалдары: https://uba.edu.kz/ru/metodology/3

- ✓ орта мектептің 7-11 сынып білім алушыларына кәсіби диагностикасын жүргізу үшін құралдарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- ✓ білім беру ұйымдарында бейіндеу бойынша әдістемелік ұсынымдар;
- ✓ орта білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру бойынша әдістемелік ұсынымдар (әдістемелік кабинеттердің басшыларына, мектеп директорларының орынбасарларына, сынып мұғалімдеріне, пән мұғалімдеріне, педагог-психологтарға арналған);
- ✓ Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында кәсіби бағдар беру моделін құру әдістемесі;
- ✓ Педагог-кәсіби бағдар берушілерге арналған әдістемелік ұсынымдар;
- ✓ Білім алушылар үшін үздіксіз кәсіби бағдар беру жүйесін құру стратегиясы бойынша әдістемелік ұсынымдар.
- ✓ Кәсіби бағдар беру іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.
- ✓

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдары басшысының тәрбие ісі және кәсіптік бағдар беру жөніндегі орынбасарларына, бастауыш сынып мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне, кәсіптік бағдар беруші педагогтерге, психологтарға арналған.

Сканировано с CamScanner

**Мақсаты**: оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құруды және оның жүзеге асырылуын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтенуін, оқушыларды орта және жоғары, кәсіптік оқу орындарына дайындау, мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру.

**Міндеттері:**
1.Оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, болашақ таңдайтын мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру, жоғары және негізгі мектепті бітірушілерді жан-жақты зерттеу, диагностикалау жұмыстарын жүргізе отырып, бейіндік оқытуды тиімді ұйымдастыру және оқушылардың ғылыми ізденістерін қалыптастыру арқылы ғылымды зерделеуге деген кәсіби бейімділігін ашу;
2.Болашақ кәсіби қызмет саласындағы өзін-өзі анықтау және мамандық таңдау үрдісінде оқушыларға кәсіптік бағдар беру;
- Кәсіптік бағдар беру жұмыстары аясында әлеуметтік серіктестікті дамыту;
- Кәсіптік бағдар беруде мекемелермен бірлесіп бағыт-бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Кәсіптік бағдар беруді оқу бағдарламасына, оқу-тәрбие үдерісіне енгізу.
3.Педагогтарының кәсіби шеберліктерін шыңдау, іс - тәжірибелерін жинақтау, тарату;

**Күтілетін нәтиже:**
-Жоғары сынып оқушыларын оқытудың мазмұнын бейіндік және деңгейлік даралауға жағдай туғызуға, жеке қабілеттері мен талаптарына сай жеке білім траекториясын құруға мүмкіндік туады;
- Оқушыларға ерте жастан кәсіптік бағдар беріледі, үздіксіз кәсіптік бағдар беру жүйесі құрылады;
- Педагогтердің сұраныстары толық қанағаттандырылып, әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасу мақсатында педагогиканың озық тәжірибесі жинақталып, таратылады.

## I.КӘСІБИ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Кәсіптік ақпараттандыру кәсіптік бағдар беру мен білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Кәсіптік ақпараттандырудың келесі бағыттарына назар аударуға болады:
1. **Еңбек нарығының жай-күйі:** Жаңа мамандықтар атласының өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, бос жұмыс орындарын, біліктілікке қойылатын талаптарды, әртүрлі салалар мен кәсіптердің даму перспективаларын қоса алғанда, еңбек нарығының ағымдағы жай-күйі туралы деректерді ұсыну.
2. **Кәсіптерге қойылатын талаптар:** әртүрлі кәсіптерге қойылатын нақты талаптар туралы ақпарат.
3. **Кәсіби өсу мүмкіндіктері:** әртүрлі қызмет салаларында кәсіби және мансаптық даму мүмкіндіктерін қарастыру.
4. **Кәсіпті игерудің нысандары мен шарттары:** білім алудың және белгілі бір мамандыққа дайындықтың әртүрлі тәсілдері туралы ақпарат, соның ішінде оқу орындары, оқу курстары.
5. **Өндірістің заманауи түрлері:** өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, қызметтердің және басқа да қызмет салаларындағы жұмыстың заманауи технологиялары мен әдістерімен танысу.

Сканировано с CamScanner

## II. КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР

**1-4-сынып**

- **Мақсаты:** білім алушыларда мамандық таңдаудың моральдық, идеологиялық негіздерін, еңбекке деген әлеуметтік мәні бар кез келген кәсіпке бастапқы қызығушылықты қалыптастыру.
- **Міндеттері:** білім алушылардың тәрбиелік, қоғамдық пайдалы жұмысқа деген қажеттіліктерін дамыту, оларды кәсіптер әлемімен одан әрі таныстыру, олардың қол жетімді кейбір жұмыс түрлерін меңгеруіне қол жеткізу, оларға қызығушылықты қалыптастыру.
- **Бастауыш мектеп бітірушінің құзыреттері:**

✓ қоғамдағы кәсіптердің сан алуандығы мен маңызын түсіну;
✓ кәсіпті саналы түрде таңдаудың моральдық-идеялық негіздерін қалыптастыру;
✓ әлеуметтік маңызы бар кәсіптер туралы хабардар болу;
✓ әр түрлі кәсіптерге бастапқы қызығушылық және олар туралы көбірек білуге ұмтылу;
✓ тәрбиелік және қоғамдық пайдалы жұмысқа деген қажеттілікті дамыту;
✓ түрлі кәсіптер бойынша жұмыстың кейбір қол жетімді түрлерін игеру;
✓ еңбекке және оның нәтижелеріне оң көзқарасты қалыптастыру;
✓ өз еңбегінің маңыздылығын көре білу және басқа адамдардың еңбегін құрметтеу қабілетін дамыту.

**5-7-сынып**

- **Мақсаты:** білім алушылардың кәсіптік бағдарын қалыптастыру, яғни қоғамға қажетті кәсіптерді, көп кәсіптерді таңдау мүмкіндігін қалыптастыру.
- **Міндеттері:** білім алушыларды қазіргі уақытта өз өңірлеріне қажетті кәсіптермен мақсатты түрде таныстыру, жаппай жұмысшы мамандықтары бойынша білімдерін тереңдету, оларға қызығушылықты дамыту, практикалық еңбек дағдыларын жетілдіру.
- **<u>Білім алушылардың құзыреттері</u>**

✓ қоғамның қажеттіліктерін негізге ала отырып, кәсіби таңдауға қызығушылық қалыптастыру;
✓ өңірде сұранысқа ие кәсіптерді білу және олардың қоғам үшін маңызын түсіну;
✓ жұмысшы кәсіптерімен терең танысу, олардың экономикадағы рөлін түсіну;
✓ жұмысшы кәсіптеріне тұрақты қызығушылықты дамыту және оларды игеруге ұмтылу;
✓ практикалық еңбек дағдыларын жетілдіру; алған білімдері мен дағдыларын түрлі кәсіби салалар контекстінде қолдана білу;
✓ әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыратын мамандық таңдауға кәсіби бағдар мен уәждемені дамыту.

**8-9-сынып.** ***Іздеу және анықтау***

- **Мақсаты:** білім алушылардың кәсіби өзін- өзі сезінуін қалыптастыру, яғни әлеуметтік қажеттіліктерді өздерінің идеалдарымен, құндылықтар туралы идеяларымен олардың нақты мүмкіндіктерімен сәйкестендіре білу.
- **Міндеттері:** білім алушыларды мамандық таңдау негіздерімен таныстыру (кәсіпті дұрыс таңдау үшін қажетті білім, білім алушыларды таңдаған жұмыс саласының талаптарымен олардың жеке ерекшеліктерімен сәйкестікке қабілеттілікпен жарақтандыру), белгілі бір экономикалық өңірдің қажеттіліктеріне сәйкес таңдалған жұмыс саласын игеру үшін қажетті кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту, білім алушылардың таңдап алған еңбек саласы бойынша өз қаси еттеріне барабар өзін-өзі бағалауын қалыптастыру.
- **<u>Білім алушының құзыреттері</u>:**

✓ әлеуметтік қажеттіліктерді құндылықтар туралы жеке идеалдармен және идеялармен сәйкестендіре білу;
✓ кәсіпті дұрыс таңдау үшін қажетті білім мен дағдыларды түсіну;
✓ олардың жеке сипаттамаларын таңдалған жұмыс саласының талаптарымен сәйкестендіре білу;
✓ таңдалған еңбек саласын табысты дамыту үшін қажетті қасиеттердің болуы;
✓ таңдалған кәсіби сала контексінде өз мүмкіндіктерін объективті бағалай білу;

Сканировано с CamScanner

- ✓ өңірге қатысы бар кәсіптерді және олардың маңыздылығын білу;
- ✓ әлеуметтік қажеттіліктерге де, жеке қабілеттер мен мүдделерге де жауап беретін мамандықты саналы түрде таңдауға дайын болу.

**10-11-сынып**

- **Мақсаты:** білім алушылардың әлеуметтік және кәсіби мәртебесін нақтылау.
- **Міндеттері:** болашақ түлектердің кәсіби өзін-өзі анықтауы, кәсіби қызмет субъектісі ретіндегі көзқарасын қалыптастыру, яғни оларды белгілі бір мамандық бойынша кәсіби білімдерімен және дағдыларымен, өндірістік ұжымға бейімделу тәсілдерімен, оның нормаларымен және құндылықтарымен жарақтандыру.
- **<u>Жоғары сынып (10-11 сыныптар) бітірушінің құзыреттері:</u>**
- ✓ кәсіп таңдау және мансап құру процесінде өз рөлі мен жауапкершілігін түсіну;
- ✓ таңдалған кәсіби өріс және олардың болашақтағы орны туралы нақты түсінік;
- ✓ таңдаған кәсібін терең білу және оған қажетті практикалық дағдыларды меңгеру;
- ✓ кәсіби ортадағы өзара әрекеттесудің нормаларын, құндылықтары мен ерекшеліктерін түсіну;
- ✓ таңдап алынған салада өз-өзіне деген сенім мен кәсіби қызметті бастауға әзірлік;
- ✓ өз кәсіби қызметін тиімді жоспарлап, өз бетінше шешім қабылдай білу;
- ✓ таңдалған салада үздіксіз кәсіби даму мен оқытудың маңыздылығын түсіну.

## ЖОҒАРЫ, АРНАУЛЫ ОҚУ ҰЙЫМДАРЫМЕН, МЕКЕМЕЛЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІ ОРНАТУ ЖҰМЫСТАРЫ

- Мектептен тыс мекемелер, өңіріміздегі кәсіпорындар, өндіріс орындары мен техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарымен тығыз байланыс орнату, келісім - шарт, меморандум негізінде бірлескен жұмыс жүргізу;
- Еліміздегі арнаулы және жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты орнату, кездесулер, семинарлар, виртуалды саяхаттар ұйымдастыру, ашық есік күндерін т.б. өткізу;
- Мектеп бітіруші түлектердің (9,11 сынып оқушыларының) оқу орындарына, еңбекке орналасуы бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

## <u>III. КӘСІБИ ДИАГНОСТИКА, КӘСІБИ КЕҢЕС БЕРУ</u>

**<u>Кәсіби диагностика</u>**

Білім алушылардың кәсіптік және жеке өзін-өзі анықтауының психологиялық аспектілерін диагностикалауға, олардың кәсіби бағытын таңдауға мүмкіндік беретін әдістерді қолдану ұсынылады.

**<u>Кәсіби кеңес беру</u>**

- **Мамандық таңдау.** Білім алушының жеке психологиялық сипаттамалары мен мамандыққа қойылатын талаптарды ескеру.
- **Кәсіби ұтқырлық.** Кәсіби құзыреттерге қойылатын өзгермелі талаптарға сәйкес жеке-психологиялық қабілеттерін және кәсіптік даярлық деңгейін дамыту.
- **Кәсіби өзін-өзі анықтау.** Мамандық таңдауда, кәсіби дамуда және өзінің жеке кәсіптік әлеуетін іске асыру мүмкіндігінде өзін анықтау.

Сканировано с CamScanner

**ПЕАДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС**

- Педагог - психологтармен бірлескен жұмыс жоспары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу.

**АТА – АНАЛАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС**

- Ата - аналарды ақпараттандыру, кеңес беру жұмыстарын жүргізу /дөңгелек үстел, сұхбат жүргізу, әңгімелесу және кеңес беру т.б./;

**ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС**

- Оқушыларды ақпараттандыру, мамандық таңдауда жеке кеңестер беру, диагоностикалау жұмыстарын жүргізу.

## ІҮ.ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР. ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

- 8-10 сынып оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша **«Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсына**
- 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық **«Зерде» конкурсына** т.б. қатысуын ұйымдастыру;
- Дәстүрлі **«Мамандықтар әлемін ашамыз»** республикалық форум ,
- **«Адал азамат»** біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында **«Еңбек адал – жас өрен»** жобасы аясында ***«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Жасампаздық және жаңашылдық»*** құндылықтарын іске асыру
- **«Бір мектеп – бір жоба»** бағдарламасы аясында мектеп жобасының атауы: **«Ұлттық рухқа тәрбиелеу»** жобаларды іске асыру мақсатында оқушылардың ізденіс жұмыстарын жүргізу;
- Оқушылардың ғылыми - ізденісін қалыптастыру мақсатында мектепішілік**«Зерек» және «Зерде» ғылыми қоғамның жұмысын** жандандыру;
- Жоғары оқу орындарының ұйымдастырған пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, түрлі байқауларға, идеялар алаңына, бизнес жобаларга т.б. қатысуын қамтамасыз ету.

## ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС

**ПЕДАГОГТАРДЫҢ ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЖИНАҚТАУ, ТАРАТУ**

- Педагогтардың іс - тәжірибелерін жинақтау, (авторлық бағдарламалар мен оқу - әдістемелік құралдарын) тарату жұмыстарын жүргізу.

**ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ (ЖИ) мүмкіндіктерін тиімді пайдалану**

- Педагогтардың жасанды интеллект пен нейрондық желілерді оқытуда тиімд і пайдаланып, жұмыс жүргізуін ұйымдастыру.

Сканировано с CamScanner

| I.КӘСІБИ АҚПАРАТТАНДЫРУ | | | |
|---|---|---|---|
| № | Жүргізілетін жұмыстар | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
| 1. | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарының лауазымдық міндетімен таныстыру, бекіту | 27 тамыз | Мектеп директоры А.Мешітбай |
| 2. | Жылдық жұмыс жоспарын жасау, бекіту | 27 тамыз | Директордың бейіндік оқыту орынбасары А.Қанатов |
| 3 | 1-11 сыныптар бойынша факультатив, элективті курстар, жаһандық құзыреттілік курстарынан сабақ беретін мұғалімдердің сапалық құрамын анықтау, кестесін жасап, бекіту | 27 тамыз | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 4. | 2025-2026 оқу жылында 10 сыныпқа қабылданған оқушылардың сапалық құрамын анықтау, өтініштеріне сәйкес бағыттары бойынша сыныптарға орналастыру | 29 тамыз | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов. Сынып жетекші |
| 5 | АӘД пәнінен 10-сыныпқа бөлінген «Дала жиыны» факультатив сабақтың кестесін жасап, бекіту | 29 тамыз | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов<br>АӘД пән мұғалімі |
| 6 | 2024- 2025 оқу жылында 9,11 сыныпты бітіруші түлектердің орналасуы туралы мәліметтер жинақтау, түлектер базасын жасау | 29 тамыз | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 7 | Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға кәсіби бағдар беру, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны есепке алу 9-сынып оқушысы | 2 қыркүйек | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов.<br>Педагог- психолог , Дефектолог |
| 8 | «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтарының жылы»<br>Білім алушыларға мамандықты саналы таңдауға негіз болатын еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтарды таныстыру, мамандық таңдауға қолдау көрсету, жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсіндіруге бағытталған кәсіптік бағдар беруді қамтамасыз ету. | қыркүйек-желтоқсан | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, сынып жетекшілері |
| 9 | Мектептен тыс мекемелер, өңіріміздегі кәсіпорындар, өндіріс орындары мен техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарымен тығыз байланыс орнату, келісім - шарт, меморандум негізінде бірлескен жұмыс жүргізу | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, сынып жетекшілері, кәсіп орын мекемелерінің басшылары |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 10 | Бастауыш сынып оқушыларымен «Домбыра» курс сабағын жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, музыка пән мұғалімі |
| 11 | Электронды журналдағы «жаһандық құзыреттілік» және эллективті курстардың толтырылуын бақылау | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| 12 | Мектеп бітірушілердің терендетілген диагностикалық басым кажеттіліктер мен мотивтерін, бейіндік пәндер бойынша оқушыларды оқыту сапасы айқындау | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| 13 | ҚР Білім және ғылым министрінің 24 наурыз 2016 жылғы №214 бұйрығына сүйене отырып, «Кәсіби бағдар» беру күнін өткізу *(ЖОО мен колледж өкілдерімен кездесулер, онлайн режиминдегі семинарлар)9-11-сыныптар* | Наурыз-сәуір | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, сынып жетекшілері |
| 14 | Қатаң есептік құжаттардың жүргізілуі | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 15 | «Алтын белгі» белгісіне, «Үздік аттестатқа» үміткер оқушыларды іріктеу, білім сапасы ,ҰБТ сараптамалық көрсеткішін анықтау | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқытус жөніндегі орынбасары А.Қанатов сынып жетекшілері, пән мұғалімдері |
| 16 | Оқушылардың қабілетін, болашақ таңдап отырған мамандыққа икемділігі мен бейімділігін, қызығушылығын анықтау мақсатында жүргізілетін жұмыстарды /тест, сауалнамалар, анкеталар, тренингтер т.б./ұйымдастыру | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов. Педагог- психолог, Дефектолог |

| **II. КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **р/с** | ***Жүргізілетін жұмыстар*** | **Сыныбы** | **Орындалу мерзімі** | **Жауапты орындаушылар** |
| **Құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. 22-26 қыркүйек. 4-аптасы** | | | | |
| 1 | Білім күні<br>«Мектебім – мейірім мекені»<br>Республикалық интервью-челленджі «Арманым мен мақсатым» | 9-11 | 2 қыркүйек | Сынып жетекшілер |
| 2 | «Біздің үйдегі еңбек» сынып сағаты | 1-4 сыныптар | 22 қыркүйек | Сынып жетекшілер |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 | "Біздің отбасымыздың еңбегі" презентациялар байқауы | 5-6 сыныптар | 22 қыркүйек | Сынып жетекшілер |
| **Құндылық – тәуелсіздік және отаншылдық айы. 6-10 қазан 1-аптасы** | | | | |
| 4 | «Мың алғыс, саған ұстазым» «Даналық ұстаздан челленджі | 7-8 сыныптар | 6 қазан | Сынып жетекшілер |
| 5 | «Кешегі түлек- бүгінгі ұстаз» Ұстаздар күніне орай ұстаздық қызмет атқарып жүрген мектеп түлектерімен сұхбат /Онлайн- оффлайн/ | 9-10 сыныптар | 6 қазан | Сынып жетекшілер |
| **Құндылық – әділдік және жауапкершілік айы. 3-7 қараша 1-аптасы** | | | | |
| 6 | «Адал еңбек – адамдықтың белгісі» (Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс) сынып сағаты | 9 сынып | 3 қараша | Сынып жетекшілер |
| 7 | «Мамандық пен еңбек таңдауы – болашаққа бастар жол» сынып сағаты | 11 сынып | 3 қараша | Сынып жетекшілер |
| **Құндылық – заң және тәртіп айы. 12-16 қаңтар 2-аптасы** | | | | |
| 8 | «Мамандықтар әлемін ашамыз» форумы. Мектепішілік байқау | 7-10 сыныптар | 12-16 қаңтар | Сынып жетекшілер |
| 9 | «Болашақ мамандығыңды дұрыс таңдау - жарқын болашағыңның кепілі» тақырыбында студенттермен кездесу кешін ұйымдастыру | 10-11 сыныптар | 12-16 қаңтар | Сынып жетекшілер |
| **Құндылық – жасампаздық және жаңашылдық айы. 2-6 ақпан 1-аптасы** | | | | |
| 10 | «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» мектепішілік байқауы | 5-10 сыныптар | 26-30 қаңтар | Сынып жетекшілер |
| **Құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. 27-30 сәуір 4-аптасы** | | | | |
| 11 | «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі | 11 сынып | 27-30 сәуір | Сынып жетекшілер |
| 12 | «Алғыс – ізгі ниет» («Ұрпақтар сабақтастығы - дәстүр жалғастығы» еңбек династиясын жалғастырған әулеттермен кездесу | 8-9 сыныптар | 6 сәуір | Сынып жетекшілер |
| 13 | «Дүкенде», «Ауруханада», «Ғарышта», «Мектепте» тақырыптарында рөлдік ойындар ұйымдастыру | 1-4 сыныптар | 13 сәуір | Сынып жетекшілер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **III. КӘСІБИ ДИАГНОСТИКА, КӘСІБИ КЕҢЕС БЕРУ** | | | | |
| | | Сынып | | |

Сканировано с CamScanner

| № | Жүргізілетін жұмыстар | | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тест «Сіз мамандықтарды білесіз бе?», «Еңбек пәндері» тесті (Е. А. Доренбуш) | 1-4 сыныптар | Қазан | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов , педагог- психолог |
| 2. | Мен кіммін? («Мен» бейнесі және өзін-өзі бағалау) | 5-сынып | Қазан | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов педагог- психолог |
| 3. | «Армандау зиянды емес». Мен қандаймын? (Өзін-өзі бағалау және талап деңгейі) | 6-сынып | Желтоқсан | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов , педагог- психолог |
| 4. | "Мен бейнесін", еңбек әлемін және мамандықтарды зерттеу, зерделеу | 7-сынып | Желтоқсан | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов , педагог- психолог |
| 5. | Табыс формуласы «Жетістікке мотивацияны бағалау» әдістемесі. «Акулалар» және «дельфиндер» | 8-сынып | Желтоқсан | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 6 | «Кәсіп» әдістемесі (А.Голомстоктың «мүдделер картасы» әдістемесін өзгерту) | 9-сынып | Желтоқсан | педагог- психолог |
| 7 | - «Мамандық таңдауға дайындық» В.Б.Успенский.<br>- Л.Йовайшидің «Кәсіби бейімділік сауалнамасы» (мод. Г. Резапкин)Кәсіби таңдау дайындығының психологиялық деңгейін анықтау, | 10-11-сынып | Желтоқсан | педагог- психолог |
| 8 | «Білім алушыларды білікті мамандық таңдауға дайындау» тақырыбы бойынша сынып жетекшілеріне кеңес беру. | 10-11 сынып ата-аналары | Ақпан | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 9 | «Тұлғаның кәсіби түрін анықтау» сауалнамасы Дж. Голландия | 9-сынып | Ақпан | педагог- психолог |
| 10 | Кәсіби тұлға түрі: «Кәсіп және денсаулық» Мамандық алу жолдары | 9-сынып | Наурыз | педагог- психолог |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 11 | «Менің мамандық туралы армандарым» эссе | 7-8 сынып | Сәуір | Директордың бейіндік оқыту, ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары А.Қанатов |

| **III.ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР .** | | | |
|---|---|---|---|
| **№** | ***Жүргізілетін жұмыстар*** | **Орындалу мерзімі** | **Жауапты орындаушылар** |
| 1. | Оқушылардың ғылыми жобалар байқауына, зерттеу жұмыстарына және жобаларға, идеялар алаңына оқушыларды тарту, оқушылардың жобаға қатысуын ұйымдастыру, жоспарлау, бекіту | Тамыз | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| | Жас ғалымдарды дайындау мақсатында мектепішілік «Зерде» ғылыми қоғамының жұмысына бақылау жүргізу | Қыркүйек | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 2. | Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсына 8-10 сынып оқушыларының қатысуын ұйымдастыру | Қазан | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| 3. | 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының республикалық «Зерде» конкурсына қатысуын ұйымдастыру | Қараша | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| 4. | «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумы. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Еңбек адал – жас өрен» жобасын іске асыру мақсатында оқушылардың ізденіс жұмыстарын жүргізу | Қаңтар | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 5. | «ЭКОЛОГИЯ, ЭНЕРГЕТИКА, ЭКОНОМИКА»: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КРЕАТИВТІК ЖОБАЛАР Кәсіптік бағыттағы зерттеушілердің «Өнертапқыштық және бизнес шығармашылық» жобалар алаңы | Сәуір | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| 6. | | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| **ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ЖҰМЫС** | | | |
| 7. | Педаогтардың кәсіби шеберлігін және біліктілігін арттыру мақсатында ғылыми - практикалық | қыркүйек-мамыр | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Прманова |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | конференцияларға, семинарларға, вебинарларға, идеялар алаңына т.б. қатысуын ұйымдастыру | | директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| | «Білім алушыларды білікті мамандық таңдауға дайындау» тақырыбы бойынша сынып жетекшілеріне кеңес беру | Қыркүйек | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, сынып жетекшілер |
| 8. | Педагогтардың іс - тәжірибелерін (авторлық бағдарламалар мен оқу - әдістемелік құралдарын) жинақтау, тарату жұмыстарын жүргізу | қыркүйек-мамыр | Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Прманова<br>директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 9. | Педагогтардың жасанды интеллект пен нейрондық желілерді оқытуда тиімді пайдаланып, жұмыс жүргізуін ұйымдастыру | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов, пән мұғалімдері |
| 10. | Цифрлық білім беру ресурстарын сабақтарға тиімді пайдалануын ұйымдастыру | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 11. | Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға сабақ беретін пән мұғалімдерге кәсіби кеңес беру | Қыркүйек | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 12. | Факультатив, элективті курстар, жаһандық құзыреттілік курстарынан сабақ беретін мұғалімдердің сабақтарына қатысу, талдау жасау, ашық сабақтар қою. | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту, жөніндегі орынбасары А.Қанатов |

| АТА-АНАЛАРҒА КӘСІБИ КЕҢЕС БЕРУ | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Р/с | Жүргізілетін жұмыстар | Жұмыс түрі | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
| 1 | Ата - аналарды ақпараттандыру, кеңес беру жұмыстарын жүргізу /дөңгелек үстел, сұхбат жүргізу, әңгімелесу және ашық есік күндеріне т.б./ ұйымдастыру | кеңес беру жұмыстары | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту, жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 2 | Оқушыларды ақпараттандыру, мамандық таңдауда кеңестер беру, диагоностикалау жұмыстарын жүргізу | диагностикалау | қыркүйек-мамыр | Директордың бейіндік оқыту, жөніндегі орынбасары А.Қанатов |
| 3 | «Баланың болашағын жоспарлаймыз» атты кәсіптік бағдар беру бағытындағы ата-аналар жиналысы | Ата-аналар жиналысы | Қазан | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов<br>Сынып жетекшілер |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Бастауыш сынып мұғалімінің ата-аналармен кәсіптік бағдар беру: «Мамандыққа жол мектептен басталады» | Әңгіме сағаты | Желтоқсан | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов<br>Сынып жетекшілер |
| 5 | "Біздің отбасымыздың еңбегі" | Үштік бірлескен жиналысы | Ақпан | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов<br>Сынып жетекшілер |
| 6 | 10 және 11 сыныптар және олардың ата-аналары кәсіби өзін-өзі анықтау | Сауалнама | Наурыз | Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары А.Қанатов<br>Сынып жетекшілер |

**Директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары: А.Қанатов**

Сканировано с CamScanner